

"Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 244/30-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 1169 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3-тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1124 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 тамыздағы "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібінде:

2-тармақтағы "Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы" деген сөздер "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Астана қаласының жолаушылар көлігі басқармасы" деген сөздер "Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әлеуметтік көмекті көрсету үшін қажет болған жағдайда, сондай-ақ тоқсан сайын бір рет:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлық қоғамының Астана қаласы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаментімен – Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы;

әкімшімен – 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап көп балалы отбасылар бойынша мәліметтер (электрондық және қағаз жеткізгіштерде) Басқармаға ұсынылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) жасы бойынша және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге, сонымен қатар жасына байланысты және зейнеткерлік жасқа жеткен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

3) көп балалы аналарға;

4) көп балалы отбасыларға;

5) мүгедектерге;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, оның ішінде ата-анасының (заңды өкілдерінің) біреуіне ұсынылады."

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрайымы*

*Астана қаласы
мәслихатының хатшысы*

Р. Өмірбаева

Ж. Нұрпейісов